

## ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ШАРТ

Осы байланыс қызметтерін көрсету туралы Жария Шарт (бұдан былай – Шарт) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі берген 08.06.1998 жылғы №ДС0000270 ККМ Лицензиясының (бұдан былай - «Лицензия») негізінде әрекет ететін, бұдан былай «Оператор» деп аталатын «Кселл» акционерлік қоғамы ұялы операторының телекоммуникациялық желісі аясында осы Шарт талаптарына қосылған, бұдан былай «Абонент» деп аталатын тұлғаға байланыс қызметтерін, сондай-ақ олармен технологиялық тұрғыдан байланысатын басқа да қызметтерді көрсетудің жалпы талаптарын айқындайды. Шартта Абонент пен Оператор бірге «Тараптар» деп аталады.

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шарт мақсаттарында төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **Абонент** – осы Шартқа сәйкес мақсаттарда Абоненттік нөмірдің және/немесе сәйкестендіру кодының бөлінуімен осы Шартқа қосылған заңды немесе жеке тұлға.
- 2) **Абоненттік төлем** – Тарифтік жоспарда және/немесе Қызмет шарттарында басқаша көзделмеген болса, Абоненттің белгілі бір мерзімде тұрақты мөлшерде нақты пайдаланған Қызметтерінің көлеміне байланысты болмайтын төлем мөлшері.
- 3) **Абоненттік нөмір** – Шартқа қосылған кезде абонентке бөлінетін және Оператор желісіне қосылған Абоненттік құрылғыны оған басқа Абоненттік құрылғылардың қосылуы барысында сәйкестендіретін телефон нөмірі, оның ішінде Абонентке оның Өтініші бойынша оның Абоненттік нөмірін басқа байланыс операторы желісінен Ауыстыруы барысында кіріс және шығыс байланыс қызметтерін қамтамасыз ету үшін нөмірді Ауыстыру процедурасын жүзеге асыру кезінде ұсынылатын уақытша Абоненттік нөмір.
- 4) **Абоненттік құрылғы** – Абонент берген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланыс сигналдарын қалыптастыратын және байланыс операторының желісіне қосылатын жеке пайдаланылатын байланыс құралы.
- 5) **Автоматты қызмет көрсету жүйесі** – абонентті оператор белгілеген абонентті сәйкестендіру деректерін (абоненттік нөмір, пароль, кодтық сөз және/немесе өзге де деректер) пайдалана отырып сәйкестендіргеннен кейін оған байланыс қызметтерін және олармен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді, тарифтік жоспарды қысқа мәтіндік хабарлама жолдау немесе жеке кабинет арқылы немесе оператор ұсынатын басқа да техникалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өздігінен қосу немесе өшіру мүмкіндігін беретін кешенді қызмет көрсету жүйесі.
- 6) **Оператордың қызмет көрсету аймағы** – Оператордың лицензияға және өз желісінің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес, оның ішінде радиотолқындардың таралу ерекшеліктерін ескере отырып байланыс қызметтері көрсетілетін аумақ.
- 7) **Өтініш** – Абоненттің Операторға қағаз тасымалдағыштағы жазбаша жолданымы, сондай-ақ Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы немесе Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне жүгінуі.
- 8) **Тарифтеу бірлігі** – Оператор мен Оператор көрсететін Қызметтер үшін міндетті болып табылатын, Оператор Қызметтерінің тиісті түрі үшін ақы алынатын, ақпарат уақытының, санының немесе көлемінің өлшем бірлігі.
- 9) **Жеке кабинет** – Қызметтер көрсету туралы шарттың әрекет ету кезеңінде Оператордың Интернет-ресурсында немесе Абоненттік құрылғыда орнатылған мобильді қолданбада Абонентке бөлінген дербес бөлім, онда Абонентті Оператор белгілеген абонентті сәйкестендіру деректерін (абоненттік нөмір, пароль, кодтық сөз және/немесе өзге де деректер) пайдалана отырып

сәйкестендіргеннен кейін Абонент қолжетімділік алатын өзіне-өзі қызмет көрсетудің, Тарифтік жоспарлар мен Қызметтерді бақылаудың, басқарудың автоматты интерфейсі бар.

10) **Төлем картасы** – пластикалық карта түріндегі немесе Оператор анықтаған кез келген түрдегі құпия коды, қорғаныс қабаты бар, бетінде оны іске қосу арқылы Дербес шот толтырылған кезде Абонентке қызметтер көрсетіле алатын сома/номинал көрсетілген сақтаушы.

11) **Қысқа мәтіндік хабарлама (SMS, USSD)** – Оператор желісінің және абоненттік құрылғының техникалық мүмкіндіктерімен рұқсат етілетін белгілі бір ретте және көлемде терілген, әріптерден және (немесе) сандардан және (немесе) таңбалардан тұратын ақпараттық хабарлама.

12) **Дербес шот** – Абонентпен жасалған Шартқа сәйкес қызметтерді төлеу үшін енгізілген ақшаның түсуі мен жұмсалыуының есебін жүргізуге арналған Оператордың биллинг жүйесіндегі аналитикалық есеп тізілімі. Бір Шарт шеңберінде Абонентке бірнеше Дербес шот бөлініп беріле алады.

13) **Мобильді қаржы қызметтері** – Электрондық ақша жүйесінде Абонентке Электрондық ақша сату бойынша Оператордың қызметтері.

14) **Абоненттік нөмірді көшіру** – Абоненттің басқа байланыс операторымен байланыс қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасасу кезінде оған ұсынылатын, байланыс желілерінде Абоненттік нөмірді сақтап қалу және пайдалану бойынша көрсетілетін қызмет;

15) **Байланыс қызметтерін пайдаланушы (бұдан былай - Пайдаланушы)** – Абонент Абоненттің Сәйкестендіру картасын уақытша пайдалануға берген, байланыс қызметтерін және (немесе) онымен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді алатын жеке тұлға. Бұл ретте Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер Абонентте толық көлемде сақталады.

16) **Провайдер** – Оператор желісін пайдалану арқылы Абоненттерге интеллектуалдық, жадыратушы (лотереялар, дауыс берулер, телевикториналар, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері т.б.) немесе басқа да сипаттағы Қызметтерді (сервистерді) көрсететін жеке немесе заңды тұлға.

17) **Есеп айырысу мерзімі** – Абонент есеп айырысудың несиелік тәртібі бойынша көрсетілген Қызметтердің ақысын төлейтін Есептік мерзімнің аяқталуынан кейінгі отыз күнтізбелік күн.

18) **Тіркеу парағы** – Абонент, Абоненттік нөмір, Абонент таңдаған бастапқы Тарифтік жоспар туралы және басқа да мәліметтерді қамтитын, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Абоненттің Шарт талаптарына қосылу жайтын растайтын Оператор орнатқан үлгідегі бланк.

19) **Роуминг** – байланыс операторларының арасындағы роумингтік келісім негізінде Абонентке басқа елде басқа байланыс операторының желісінде байланыс қызметтерін көрсету. Роумингті іске асыру үшін абоненттік құрылғының және өзге елдегі басқа байланыс оператор желісінің техникалық үйлесімділігі қажет.

20) **Оператор Сайты** – Оператордың Интернет желісіндегі мына мекенжайлардағы ақпараттық ресурсы:

Kcell - [www.kcell.kz](http://www.kcell.kz); activ - [www.activ.kz](http://www.activ.kz)

21) **Абоненттер туралы қызметтік ақпарат** – байланыс желілерінде қарсы барлау қызметі мен жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсаттарына ғана арналған және мыналарды:

- Абоненттік нөмірлер иеленушілерінің жеке сәйкестендіру нөмірлері (жеке тұлғалар үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтерді қоса алғанда, Абоненттік нөмірлер туралы ақпаратты;

- байланыстың Абоненттік құрылғыларын иеленушілердің жеке сәйкестендіру нөмірлері (жеке тұлғалар үшін) және бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтерді қоса алғанда, байланыстың Абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтары туралы ақпаратты;

- биллингтік мәліметтерді (Абоненттің алған қызметтері туралы мәліметтерді);

- техникалық регламент талаптарына сәйкес желідегі Абоненттік құрылғының орналасқан жерін;

- деректерді беру желісіндегі мекенжайды;

- деректер беру желісіндегі Интернет-ресурстарға өтініш жасау мекенжайын; интернет-ресурстың сәйкестендіргіштерін; деректерді беру желісінің хаттамаларын қамтитын абоненттер туралы мәліметтер.

22) **Тарифтік жоспар** – Оператордың Абоненттерге немесе Абоненттердің белгілі тобына немесе белгілі бір шектелген аумақта өз бетінше орнататын Қызметтердің тізімі мен құнын, оларды ұсыну және тарифтік есептеу ерекшеліктерін, әрекет ету мерзімін, есеп айырысу тәртібін анықтайтын тарифтік ұсыныстар жүйесі. Науқандық Тарифтік жоспарда жеңілдікті шарттар көзделген, Абонент оны қосқан кезде Тарифтік жоспардың белгіленген шарттарын, қосылу кезеңі, әрекет ету мерзімі бойынша шектеулерді немесе Оператор белгілейтін басқа шектеулерді сақтайды.

23) **Қызметтер** – Оператордың және үшінші тараптардың қызметтері.

24) **Оператор қызметтері** – Интернет желісіне мобильді қолжетімділік қызметін қоса, байланыс қызметтері (негізгі және қосымша), Kcell немесе Activ тауар белгілерімен ұсынылатын Мобильді Қаржы Қызметтері, сондай-ақ анықтамалық-ақпараттық қызметтер және/немесе Оператор көрсететін басқа да қызметтер.

Негізгі байланыс қызметтеріне: 1) шұғыл шақыруларды қоса алғанда, дауыстық байланыс қызметтері; 2) Қысқа мәтіндік хабарламаларды беру қызметтері жатады.

25) **Үшінші тараптардың қызметтері** – Операторға және (немесе) Абоненттерге Оператор желісі арқылы көрсетілетін Провайдерлер мен басқа да үшінші тараптардың қызметтері, сондай-ақ Операторға және (немесе) Абоненттерге үшінші тұлғалар көрсететін басқа да қызметтер.

26) **Есептік кезең** – несиелік есеп айырысу тәртібі бойынша Оператор Қызметтері көрсетілген және есептелген бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі. Есеп айырысудың несиелік тәртібін көздейтін Тарифтік жоспардың есептік кезеңі оған қосылған күннен бастап және келесі айдың ұқсас күніне дейін созылады.

27) **Шлюз** - Оператордың желісі мен басқа байланыс желілерінің арасында дауыстық және/немесе дауыстық емес ақпаратты беруді жүзеге асыратын және Қызметті пайдаланатын тұлғаларға басқа байланыс желілеріне қолжеткізуді ұсынатын және/немесе Оператордың желісіне үшінші тұлғалардың қолжеткізуін ұсынатын (соның ішінде жылжымалы байланыстың, орнықты байланыстың, деректерді берудің желілері, т.б.) аппараттық-бағдарламалық кешен, сервер немесе кез келген басқа жабдық.

28) **Абонентті сәйкестендіру картасы** - Абонентті сәйкестендіретін және Абоненттің Қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін Абоненттік құрылғының бөлігі болып табылатын микропроцессорлық модуль түріндегі алмалы-салмалы немесе кіріктірілген жеке қол жеткізу карточкасы (SIM/R-UIM/E- sim-карта).

29) **IVR** – Оператор Абонентке Қызметтерді көрсету шарттары туралы дауыстық ақпарат ұсынатын, сондай-ақ Абонентке ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйесі аясында Операторға Өтініштерді ұсыну мүмкіндігін беретін интерактивті дауыстық қатынас технологиясы.

30) **Электрондық хабарлама** - серіктестерден және (немесе) цифрлардан және (немесе) белгілі бір дәйектілікте және байланыс операторы желісінің техникалық мүмкіндіктерімен жол берілетін көлемде терілген символдардан тұратын, оның ішінде SMS, USSD, IVR, автоматты қызмет көрсету жүйесі немесе электрондық пошта арқылы жіберілетін ақпараттық/Қысқа мәтіндік хабарлама.

31) **M2M құрылғылары (машинааралық өзара әрекеттестік құрылғылары)** - Оператордың желісіне қосылған және Оператордың жабдығында деректерді қашықтықтан алуға, объектілерді басқаруға немесе өзге де мақсаттарға арналған құрылғы ретінде айқындалған, сондай-ақ Оператор осындай құрылғыларға жатқызған Абоненттік құрылғылар.

32) **Дербес деректер** - электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген жеке, заңды тұлғаға қатысты мәліметтер. Мұндай мәліметтердің тізбесін Оператор бекітеді және Оператордың сайтында мына сілтеме бойынша орналастырылады:: <https://activ.kz/about/agreements/86>;

33) **Есепке алу жүйесі** - Оператордың Қызметтер бойынша төлемдерді есептеуді қалыптастыратын бағдарламалық қамтамасыз етуі.

## **2. Қызмет көрсетудің жалпы шарттары**

2.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес қосылу Шарты болып табылады. Осы Шарт талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының ағымдағы

заңнамасына және Лицензияға сәйкес өз бетінше орнатады және Абонент оларды Шартқа толықтай қосылу жолы ретінде ғана қабылдайды. Егер Абонент осы Шарт талаптарымен келіспейтін болса, Абонент Операторға жазбаша Өтініш ұсыну арқылы Шартты бұзуға құқылы.

2.2. Осы Шарт бойынша Абонент Қызметтерді пайдаланып, оларды таңдалған Тарифтік жоспарға және осы Шартта көзделген және/немесе Оператор айқындайтын Қызмет көрсету талаптарына сәйкес төлейді.

Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну тәртібі мен шарттары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарттың №2 Қосымшасында белгіленген Мобильді Қаржы Қызметтерін ұсыну ережелерімен анықталады.

2.3. Осы Шарт Абонент оған қосылған сәттен бастап қағаз жеткізгіште Тіркеу парағына қол қою жолымен немесе Оператордың техникалық мүмкіндігі болған кезде тиісті Электрондық хабарламаны жіберу жолымен немесе Операторда техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда, оның ішінде: Оператордың интернет-ресурстары, жеке кабинет, Оператордың мобильді қосымшалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілмен электрондық құжаттың көмегімен қолсылған кезде күшіне енеді. Абоненттің Шартқа қосылуы оның Шарт талаптарымен тұтастай сөзсіз келісетінін білдіреді. Тараптар осы Шартқа Тіркеу парағына қол қою жолымен қосылған кезде Оператордың уәкілетті тұлғасының өз қолының баламасын факсимильмен қоюға жол беріледі деп келісті.

2.4. Осы Шарт белгіленген тәртіппен оған қосылған барлық Абоненттерге қолданылады. Шарт талаптарындағы өзгерістермен келіспеген жағдайда Абонент Оператордың Сайтында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Операторға осы Шарттан бас тарту туралы жазбаша хабарлауға құқылы. Операторға көрсетілген мерзімде Абоненттің Шарттан бас тарту туралы өтінішінің түспеуі, сол сияқты Абоненттің конклюденттік іс-әрекеттер жасауы (Қызметтерді пайдалануы) Абоненттің Шарт талаптарын сөзсіз қабылдауын және Шартпен келісуін білдіреді.

2.5. Осы Шартқа қосылған жағдайда Оператор Абоненттің пайдалануына Абоненттік нөмір бөліп береді. Абоненттік нөмірді Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта орнатылған жағдайларда ала немесе өзгерте алады.

2.6. Қызметтер Абонентке оның жеке меншігінде, иелігінде немесе пайдалануында орнатылған талаптарға сәйкес келетін және Оператор желісінде пайдаланылатын радиожиілік диапазондары мен ұялы байланыс стандарттарымен үйлесімді абоненттік құрылғының болған жағдайында көрсетіледі. Абоненттік құрылғылар техникалық сипаттамаларына байланысты жекелей қызметтерді қабылдамауы мүмкін.

2.7. Қызметтер Абонентке оның таңдаған Тарифтік жоспарына сәйкес және Оператордың немесе үшінші тараптардың Қызмет көрсету шарттарына сәйкес ұсынылады. Тарифтік жоспар бойынша қамтылған Қызметтердің көлемі таусылғаннан кейін Қызметтерді пайдалануды жалғастыра отырып, Абонент қосымша көлем үшін тарифтеумен келісетіндігін растайды.

2.8. Оператор Абоненттерге ұсынылатын Тарифтік жоспарларды қалыптастырады. Тарифтік жоспарлардың тізбесін, оларға енгізілген Қызметтер мен оларға тарифтер, оларды пайдалану шарттары, қолданылу мерзімі, Абоненттік төлемді алу кезеңділігі, қосылған Қызметтер көлемін Оператор дербес айқындайды және Операторға қолжетімді тәсілдермен Абоненттердің назарына жеткізеді.

2.8-1. Өзге қосымша қызметтердің шарттарын Оператор дербес айқындайды және Оператор оларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес біржақты тәртіппен өзгерте алады, бұл ретте Оператор Абоненттерге Қысқа мәтіндік хабарлама арқылы хабарлама жібереді не ақпаратты Оператордың Сайтында орналастырады немесе хабарлаудың өзге де тәсілдерін пайдаланады. Үшінші тұлғалардың Қызметтерін ұсыну шарттарын осындай қызметтерді берушілер айқындайды және тиісті жеткізушілер белгілеген тәртіппен өзгертілуі мүмкін. Өзгерістер күшіне енгеннен кейін Қызметтерді пайдалануды жалғастыра отырып, Абонент өзгертілген шарттармен келісетінін растайды.

2.9. Оператор Тарифтік жоспар талап етілмеген жағдайда, яғни осы Тарифтік жоспарда Абоненттер болмаған жағдайда Тарифтік жоспарды жабады.

2.9-1. Оператор Қысқа мәтіндік хабарлама не Оператордың Сайтында ақпаратты орналастыру арқылы немесе хабардар етудің өзге де тәсілімен өзге де қолданыстағы Қызметтерді біржақты тәртіппен тоқтатуы мүмкін.

2.10. Қызметтер мен Тарифтік жоспарлар туралы ақпарат Оператордың және үшінші тараптардың Сайтында жарияланады, Абоненттер назарына Автоматты қызмет көрсету жүйесі, жарнамалық материалдар немесе Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйесі арқылы жеткізіледі.

2.11. Абоненттік нөмірдің ауыстырылған жағдайында ауыстырылатын нөмірді Оператор алып, Абонентке жаңа Абоненттік нөмір бөлініп беріледі, бұл ретте ауыстырылған Абоненттік нөмір Оператор орнатқан процедураларға сәйкес оны қосу мүмкін болған жағдайда басқа Абонентке беріле алады.

2.12. Абоненттерге нақты уақыт тәртібінде тарифтеумен биллингтік жүйеде қызмет көрсету кезінде қолжетімді көлемнің және/немесе теңгерімнің аясында Абоненттердің мобильді Интернет қызметін үздіксіз пайдалануын қамтамасыз ету үшін Интернет-трафикті немесе қаражатты Абоненттердің теңгерімінен резервтеу Оператор тарифтік жоспарлардың, интернет қызметтердің талаптарында қосымша белгілеген мөлшерде және шарттарда жүргізіледі.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Оператор:**

3.1.1. Оператор желісі арқылы көрсетілетін Үшінші тараптардың қызметтеріне ақы алуға құқылы.

3.1.2. Абонентке Роуминг қызметі көрсетілген жағдайда Оператор мөлшерін өзі анықтайтын Роуминг қызметін қосудың шектік сомасын белгілеуге құқылы. Абонент Роуминг қызметін пайдаланған жағдайда кіріс қосылыстар да, шығыс қосылыстар да, сондай-ақ басқа да көрсетілген қызметтер, оның ішінде бағыттау қызметтері төленуге жатады. Бұл қызметтерге ақы төлеуді Абонент осы Шарт талаптарына және Роуминг қызметтерін көрсету талаптарына сәйкес жүргізеді. Абонент роуминг-серіктес еліне келгенде Оператор оған нақты уақыт режиміне қосылудың ұзақтығын қадағалауға мүмкіндік беретін жүйенің болмауына байланысты Абонентте берешек түзілуі мүмкін екендігі туралы ақпарат жібереді.

3.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен ескерілген тәртіпте Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметіне түсетін кіріс қоныраулардың жазбасын жүргізуге, сондай-ақ Абоненттің Абоненттік нөмірінен Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметінің мамандарына бірнеше рет Оператор қызметіне қатыссыз мәселемен хабарласқан жағдайында және/немесе Абоненттің этикалық нормаларды бұзған жағдайында бір жақты ретте Абоненттің Оператор маманының тікелей қызмет көрсетуіне қол жеткізуін шектеуге құқылы;

3.1.4. Егер Абонент Қызметтерді төлеуге қатысты міндеттемелерін бұзса, кез келген қолжетімді тәсілмен Абонентті және/немесе Пайдаланушыны қарызды өтеу қажеттігі туралы хабардар етуге, осындай қарызды өтеу үшін үшінші тараптарды тартуға құқылы. Абонент бұл жағдайда Оператордың осындай үшінші тараптарға Абонент, Абонент алған қызметтер құны, қарыз сомасы туралы кез келген ақпаратты, Абонент қарызын растайтын құжаттарды және қарызды алуға қажет басқа да ақпаратты, оның ішінде Дербес деректерді бере алатындығымен келіседі.

3.1.4-1. Егер Абонентке электрондық поштаға және/немесе Қысқа мәтіндік хабарлама арқылы Оператор алдындағы міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешек туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Абонент берешекті өтеуді жүзеге асырмаса және/немесе өзінің қарсылықтарын бермесе, осылайша, Абонент Оператор алдындағы міндеттемелер бойынша берешектің болу фактісін мойындайды және Оператордың берешекті өндіріп алуға, оның ішінде «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нотариустың атқарушылық жазбасын алуға жүгінуді қосқанда бағытталған кейінгі іс-қимылдарымен келіседі. Осы тармақтың шарттарына сәйкес Абонент электрондық поштаға/Қысқа мәтіндік хабарламамен жіберілген хабарламаны қағаз жеткізгіштегі хабарламаға теңестірілген деп есептеуге келісім береді.

3.1.5. Төмендегідей жағдайларда белгілі бір Абоненттік нөмір бойынша Абонентті алдын ала хабардар етпестен Қызметтерді көрсетуді толық көлемде тоқтатуға, көлемін шектеуге немесе тоқтата тұруға құқылы:

1) Абоненттің дербес шотында Қызметтердің көрсетілуіне жеткілікті ақша болмаған (есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібінде) немесе Есептік мерзім ішінде шот төленбеген (есеп айырысудың несиелік тәртібінде) немесе Оператор анықтаған тәртіпте есептелген, орнатылған несиелік лимиттен асқан жағдайда;

2) Абоненттің Сәйкестендіру картасын, Абоненттік құрылғысын, М2М құрылғысын немесе көрсетілетін Қызметтерді өкілетті емес тұлғаның тиісті емес немесе заңсыз сипатта немесе қылмыстық әрекеттерді іске асыру мақсатында пайдаланғаны анықталса;

3) Абонент осы Шарт талаптарын бұзса немесе жалған түрде төтенше жағдай қызметтерін шақырса, басқа абоненттік/телефон нөмірлеріне телефон қоңырауларын/жолдамаларды жасаса немесе заңсыз әрекеттер іске асыру мақсатында басқа да әрекеттерді жүргізсе;

4) Қызметтерге Абоненттің сәйкестендіру картасының, Төлем картасының ұрлануы, сәйкестендіру кодының не басқа да кодтың бұзылуы немесе басқа да заңсыз әрекеттер нәтижесінде немесе қолданылуға тыйым салынған Абоненттің сәйкестендіру картасы немесе Төлем картасы арқылы қол жеткізілгені мәлім болса;

5) Абоненттен Абоненттік құрылғының ұрлануы немесе жоғалуы туралы мәлімдеме түссе;

6) Оператордың пікірі бойынша Абонент әрекеттері Оператордың желісінің жұмысына зиян келтіруі мүмкін болса, оның ішінде осы Шартқа №1 Қосымшада белгіленген Қызметтерді адал пайдалану шарттарын бұзуды қоса, бірақ онымен шектелмей;

7) Абонент осы Шарттың 3.2.4, 3.2.5, 3.2.9 тармақшаларында және Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген шарттарды бұзса;

8) Абонент ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысын тіркеу қағидаларының талаптарын орындамаса;

9) Абонент дәйексіз мәлімет берген және/немесе Абоненттің Сәйкестендіру картасын қайта ресімдеусіз үшінші тұлғаға пайдалануға берген;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған басқа да себептермен.

11) Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай кезеңінде жедел-ізвестіру қызметінің барлық субъектілерінің мүдделерінде Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының талаптары бойынша Абоненттік құрылғының жұмысын тоқтата тұруды қоса алғанда.

3.1.6. Есеп айырысудың аванстық тәртібі кезінде Абонентке сондай-ақ Абоненттің Қызметтерді қосу жолымен білдірілетін Абонент келісімімен оның болашақ төлемдерінің есебіне Қызметтер көрсетуге құқылы. Бұл ретте Оператор ұсынған Қызметтердің құнын Абонент өзінің жеке шотын толықтыру және Оператордың көрсетілген Қызметтердің құнын осы шоттан есептен шығару жолымен төлейді.

3.1.7. Абонент көрсетілген Қызметке артық төлеген ақшаны, Мобильді Қаржы Қызметтерін қоса алғанда, Оператордың немесе үшінші тұлғалардың Қызметтерінің алғытөлемі есебіне қабылдайды немесе Абоненттің Өтініші бойынша осы қаражатты Абонентке қайтарады.

3.1.8. Абоненттің дербес шотынан Оператордың тексеруі нәтижесінде заңсыз немесе қате жүргізілген төлем нәтижесінде алынған ақшаны есептен шығаруға құқылы.

3.1.9. Қызметтің сатылымдарын көбейту, Абоненттердің бейілділігін арттыру, жаңа Абоненттерді тартуға бағытталған жарнамалық науқандарды, ұтыс ойындарын, басқа маркетингілік іс-шараларды дисконтты және/немесе науқандық ұсыныстарын Абоненттердің пайдалану белсенділігін анықтау мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес Абоненттерді түрлі жолдармен хабардар етуге, Оператор анықтайтын топтар үшін маркетингілік кампаниялар жүргізуге құқылы. Осы Шартқа қосылған кезде Абонент жарнамалық және ақпараттық SMS-хабарламаларды алуға, сондай-ақ SMS-хабарламаларды және ақпараттық, жарнамалық және жарнамалық-ойын-сауық сипатындағы өзге де хабарламаларды алу жолымен оператордың «SMART» бағдарламасына қатысуға/қосылуға келіседі. «SMART» бағдарламасының шарттарын және одан шығу тәртібін Оператор дербес белгілейді және ол Оператордың Сайтында орналастырылады.

3.1.10. Тарифтелетін Қызметтерге қосымша Абонентке бұл туралы SMS хабарламамен және/немесе Оператордың Сайтында ақпаратты орналастыру жолымен хабарлай отырып, Оператордың тегін ақпараттық-анықтамалық Қызметтерін ұсынуға құқылы.

3.1.11. Байланыс желісінің техникалық мүмкіндіктеріне, сондай-ақ пайдаланылатын техникалық шешімге байланысты қосымша қызметтерді, Тарифтік жоспарларды ұсынудың тізбесі мен

талаптарын өз бетінше белгілейді (қалыптастырады). Қосымша Байланыс Қызметтері оның ішінде SMS, USSD, IVR арқылы жіберілетін Абоненттің өтініші бойынша, Қызмет көрсетудің автоматты жүйесі немесе электрондық пошта арқылы ұсынылады.

3.1.12. Қызметтерді адал пайдалану шарттарын қамтамасыз ету мақсатында және желіге жүктемеге байланысты, соның ішінде пиринг файлмен алмасу желілерін пайдаланғанда, трафиктің басымдылығы, кіру жылдамдығын шектеуді қоса, Қызметтердің техникалық сипаттамасын өз бетімен белгілеуге құқылы.

3.1.13. Абоненттің Шартқа қосылған сәтінен бастап Оператор Абоненттің Дербес деректерін жинауды, өңдеуді және Оператордың Сайтында орналастырылған Абоненттердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты Оператордың саясатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

## 3.2. Абонент:

3.2.1. Ақпараттық-анықтамалық қызметтерді алуға;

3.2.2. Шартқа қосылған кезде және Қызметтерді алу үшін Операторға Электрондық хабарламаларды жіберу жолымен немесе Тіркеу парағын толтыру және қол қою арқылы, сондай-ақ Оператордың талабы бойынша Абоненттің жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

3.2.3. Қызмет көрсетудің, Тарифтік жоспарлардың шарттарымен оларды қосқанға дейін танысуға міндетті.

Абонент осы талапты орындамағаны үшін толық жауапкершілік көтереді және абонент Оператор ұсынатын талаптармен келіспесе, Қызметті, Тарифтік жоспарды өшіруге құқылы. Абонент өзінің бонустық трафиінің жұмсалуды және оның есептелуін өзі қадағалап, тексереді, бұл ретте Оператор Абонентті Тарифтік жоспарда көзделген Қызметтер көлемінің таусылғаны туралы хабардар етеді

3.2.4. Шартта/Тарифтік жоспарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қызметтер үшін ақы төлеуге міндетті. Егер Тарифтік жоспар немесе басқа да Қызмет шарттарына сәйкес Абоненттік төлем ескерілген болса, Абонент Абоненттік төлемді Тарифтік жоспардың/ басқа Қызметтердің шарттарына және таңдалған есеп айырысу тәртібіне сәйкес төлейді. Абонент қызметтерді төлемегені, қате төлегені және/немесе уақтылы төлемегені үшін толық жауапты болады.

3.2.4.-1. Заңды тұлға болып табылатын Абонент төлем тапсырмасында төлем тағайындауда қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен төлеген кезде Есепке алу жүйесінен салық шот-фактураларының 2 (екі) Абоненттік нөмірінен/екі толық нөмірінен/Дербес шоттардың екі нөмірінен және Есепке алу жүйесінен әрбір Абоненттік нөмір/салық шот-фактурасы бойынша төлем сомасын көрсете алады.

3.2.4.-2. Заңды тұлға болып табылатын Абонентте 2 Абоненттік нөмір болған жағдайда Абонент Оператордың <https://b2b.kcell.kz/ru/b2b.account/registry/2369> сілтемесіндегі ресми сайтында орналастырылған үлгіге сәйкес электрондық тізілімді толтырады және төлем тапсырмасында төлем электрондық тізілімге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетеді.

3.2.4.-3. Егер заңды тұлға болып табылатын Абонентте Есеп жүйесінен/Дербес шоттардан салық шот-фактураларының 2-ден артық нөмірі болса және осындай Абоненттің төлем жасауы Абоненттік нөмірлерді көрсетпестен жүзеге асырылса, онда Абонентке төлем құжаттарының қоса берілген көшірмелерімен Оператордың кез келген абоненттік бөліміне/Оператордың жауапты қызметкерінің электрондық мекенжайына/email@kcell.kz мекенжайына .xls форматында ілеспе хат ұсыну және төлем тапсырмасының тағайындалуында төлем ілеспе хатқа сәйкес жүзеге асырылатынын көрсету қажет.

3.2.4.-4. Заңды тұлға болып табылатын Абоненттен түсетін төлемдерді бөлуді және есептеуді Оператор мыналарды ескере отырып жүзеге асырады:

1) Оператор Абоненттен Қызметтерге ақы төлеуге түсетін ақшаны Абоненттің төлем тапсырмалары бойынша және оларда көрсетілген деректерге сәйкес 3.2.4.-1 - 3.2.4.-3-тармақтардың талаптарында және Абонент қоса берген құжаттарды (тізілім, ілеспе хат) ескере отырып есептейді. Бұл ретте, Қызметтер үшін ақы төлеу сомасы төлемнің тағайындалуында көрсетілген сомаға сәйкес келуі тиіс.

2) Абонент 3.2.4.-1 - 3.2.4.-3-тармақтарында көзделген талаптарды сақтамаған жағдайда төлем сомасы Оператордың қалауы бойынша бөлініп, Абоненттік нөмірлерге аударылуы мүмкін.

3.2.4.-5. Оператор Абоненттің 3.2.4.-1 -3.2.4.-3-тармақтарда белгіленген төлем құжаттарын ресімдеу тәртібін сақтамауының зардаптары үшін Абонентке келтірілген залалды өтеуге міндетті емес. Егер Қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Абонент 3.2.4.1-3.2.4-3-тармақтардың талаптарына сәйкес тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынбаса, оператор наразылықтарды қарамайды.

3.2.5. Дербес шотқа Байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін жеткілікті ақша түскеннен кейін аванстық есеп айырысу тәртібі кезінде Байланыс қызметтерін пайдаланады. Абоненттің Дербес шотында Қызметтердің ақысын төлеу үшін жеткілікті ақша қаражаты болмаған жағдайда, Оператор ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйесімен және байланысу тегін болатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру, апаттық, анықтамалық және басқа да қызметтердің тізбесіне сәйкес тегін байланысу нөмірлерімен байланысуды, оның ішінде Роумингтегі қызметтерді есепке алмағанда, шығыс байланысын ұсынуды тоқтатады, бұл ретте Оператор Абонентті Роуминг-серіктес еліне кірген кезде нақты уақыт режимінде қосылыстардың ұзақтығын қадағалауға мүмкіндік беретін жүйенің болмауына байланысты онда берешектің түзілуі мүмкін екендігі туралы Қысқа мәтіндік хабарлама жолдау арқылы хабардар етеді, ал Абонент Роуминг қызметтерін толық көлемде төлеуге міндетті болады.

3.2.6. Несиелік есеп айырысу тәртібі кезінде Оператордың келісімі бойынша Оператордың Қызметтеріне несиелік лимитті белгілей алады, бұл ретте несиелік лимиттің жоғарғы шегін Оператор айқындайды.

3.2.7. Операторға Абонент туралы нақты деректерді (ТАӘ (әкесінің аты ол болған жағдайда көрсетіледі), пошталық мекенжайы, электронды пошта мекенжайы (болған жағдайда), байланысатын телефон нөмірі (болған жағдайда), жеке тұлға үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлға үшін – атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) ұсынуға міндетті. Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда Операторға осындай деректер өзгерген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жаңа деректерді ұсынады.

3.2.8. Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға осы Шарт бойынша пайдалануға бергенде Абонент Абоненттік нөмірді міндетті түрде Операторға Абоненттік нөмірді үшінші тарап атына ресімдеуге қарсы еместігі туралы жазбаша Өтініш ұсыну арқылы оның іс жүзінде берілген сәтінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде қайта ресімдейді.

3.2.9. Ұсынылған абоненттік нөмірді лотереяларды, дауыс берулерді, викториналарды, жарнама таратуды ұйымдастыру мен өткізу үшін пайдаланбауға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға әкелетін, байланыс жабдықтары мен құрылғыларының жұмысына кері әсерін тигізетін әрекеттерді жүргізбеуге міндеттеледі. Абонент Оператордың жазбаша келісімсіз Шлюздарды немесе дербес пайдалану құралдары болып табылмайтын және/немесе Қызметтерді басқа Абоненттердің құқықтарын, осы Шарт талаптарын немесе ағымдағы заңнаманы бұзатын тәсілдермен пайдалануға, оның ішінде үшінші тұлғаларға Қызметтерге, оның ішінде басқа байланыс операторлары, оның ішінде орнықты байланыс және Интернет/IP телефония және басқа қызметтерін көрсететін қызметтерге қолжеткізім беруге арналған арнайы техникалық құрылғыларды/құралдарды/бағдарламаларды пайдаланбауға міндеттеледі».

3.2.10. Осы Шарттың талаптарына қосыла отырып, Абонент келесіге өз келісімін береді:

1) осы байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі Шартты және/немесе Оператордың және (немесе) үшінші тұлғалардың оларға тікелей қатысы бар қызметтерін, оның ішінде шектелместен Операторға және (немесе) Абонентке үшінші тұлғалар көрсететін қызметтерді қоса, бірақ олармен шектелмеген өзге де қызметтерді; Оператордың үшінші тұлғаларға көрсететін қызметтерді; Роуминг қызметтерін; Мобильді қаржылық қызметтерді; конвергентті қызметтерді; ақпараттық-анықтамалық қызметтерді көрсету; зерттеу жүргізу және (немесе) сату және (немесе) көрсетілетін қызметтер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған статистикалық мәліметтер алу; маркетингтік қызметті жүргізу; көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттану/қанағаттанбауды анықтауға, көрсетілетін қызметтерді үнемі жетілдіруге бағытталған сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу; Оператордың Абонентпен тікелей байланысы арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жарнамалау және кез-келген басқа түрде жылжыту; Абонентке ұсынылатын Қызметтер, өткізілетін бонустық шаралар, акциялар және т.б. туралы хабарлау; дебиторлық берешекті өндіріп алу; Операторға қарсы шағымдарды қарау мақсатында және осындай келісімге қажеттілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге мақсаттар мен жағдайларда Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға қажет



болатын Дербес деректерді, оның ішінде Абонент туралы қызметтік ақпаратты жинауға және өңдеуге, Дербес деректерді (Абонент туралы Қызметтік ақпаратты трансшекаралық беруді қоспағанда), биометриялық деректерді трансшекаралық беруге. Дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату көзделмейді. Оператор жинайтын және өңдейтін Дербес деректер тізбесімен таныстым. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі осы Шарттың қолданылу кезеңімен және Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу күнімен айқындалады;

2) Абонентті және Абоненттің құжаттарын сәйкестендіру мақсатында өңдеуге, Абонентке байланыс қызметтерін және олармен байланысты өзге де қызметтерді ұсынуға, Абонентті верификациялағаннан кейін, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сервистік операцияларды жүргізу үшін суретке түсіруге.

3.2.11. Жазбаша Өтініш бойынша Абоненттің Дербес деректерін жинауға және Өңдеуге келісімін қайтарып алады. Қызметтерді көрсету мүмкіндігі Операторда Абоненттің Дербес деректерінің болуына байланысты болғандықтан, келісім кері қайтарылған жағдайда тиісті Қызметтерді ұсыну тоқтатылатын болады. Абонент Оператор алдында орындалмаған міндеттеме болған жағдайда Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып ала алмайды.

Жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде Дербес деректерді тарату көзделмейді.

3.2.12. Осы Шарт талаптарына қосылу арқылы және Абоненттің Оператор науқандарына қатысатын және/немесе Оператордан тауарларды/қызметтерді ақысы кейінге қалдырылған немесе бөлінген төлеммен сатып алған жағдайда, Абонент келесіге келісімін білдіреді: (i) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Операторға несие тарихының субъектісі ретіндегі Абонент туралы оның Оператордағы және/немесе болашақта Операторға белгілі болуы мүмкін қаржылық және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты ақпаратты барлық кредиттік бюроларға ұсынуға (ii) Оператор тиісті келісімдер жасаған кредиттік бюроларға несие тарихының субъектісі ретіндегі Абонент туралы қаржылық және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты кредиттік бюродағы ақпараты бар несиелік есепті, оның ішінде болашақта кредиттік бюроға Оператор пайдасына түсетін деректерді беруге; (iii) Оператордың Абонент туралы кредиттік бюролардан олардың мемлекеттік деректер қорынан және/немесе жеке кірістер туралы ақпаратты жинаумен және ұсынумен байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан алған ақпаратты алуына; (iv) кредиттік бюролардың мемлекеттік деректер базасынан және/немесе жеке кірістер туралы ақпаратты жинаумен және ұсынумен байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан алған Абонент туралы ақпарат ұсынуына; (v) мемлекеттік дерекқор иелерінің/операторларының, жеке тұлғалардың кірістері туралы ақпарат жинаумен және ұсынумен байланысты қызметпен айналысатын заңды тұлғаның, барлық мемлекеттік кірістер деректер базасынан алынған Абонент туралы ақпаратты несиелік бюроларға ұсынуына; (vi) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі әрекет жүргізетін заңды тұлғаның кредиттік бюро арқылы Операторға қол жетімді және (немесе) болашақта қол жетімді болатын Абонент туралы алынған ақпаратты ұсынуына; (viii) кредиттік бюролардың Операторға Абонент туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан Абонент туралы ақпаратты ұсынуына.

3.2.13. Абоненттерге қызмет көрсету кеңселеріне хабарласқан кезінде, талап етілген жағдайда жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

3.2.14. Оператор белгілеген амалмен негізгі байланыс қызметтерін оған көрсетуден бас тартуға құқылы, сонымен бірге, Оператор сөндірілген негізгі байланыс қызметтерін Абонент Өтінішінің негізінде қалпына келтіреді.

3.2.15. Өз қарауына орай зияткерлік қызметтерді жеткізушілер орнатқан қосу және өшіру шарттарына сәйкес осындай Қызметтерді қосуға және өшіруге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қосуға және өшіруге құқылы.

3.2.16. Байланыстың Абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларының талаптарын орындауға міндетті.

#### **4. Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі**

- 4.1. Абонент Қызметтерді өзі таңдаған төлеу тәсіліне (қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз) сәйкес немесе түрлі номиналдағы Төлем карталарын іске қосу арқылы төлейді.
- 4.2. Қызметтер үшін есеп айырысуды Абонент таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес Оператор айқындайды.
- 4.3. Қызметтер үшін есеп айырысу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) есеп айырысудың несиелік тәртібі;
  - 2) есеп айырысудың аванстық тәртібі.
- 4.3.1. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібінде Абонент Қызметтердің ақысын алғытөлем (Абоненттің Дербес шотына Қызметтердің көрсетілуі үшін жеткілікті ақшаның түсуі) арқылы төлейді.
- 4.3.2. Несиелік есеп айырысу тәртібінде Абонент Қызметтерді Есептік мерзім ішінде төлейді. Белгіленген несиелік лимит аяқталғанда кіріс қоңыраулары мен Роумингтегі қызметтерден басқасында байланыс қызметтерін көрсету уақытша тоқтатылады, бұл ретте Оператор Абонентті Роуминг-серіктес еліне кірген кезде нақты уақыт режимінде қосылыстардың ұзақтығын қадағалауға мүмкіндік беретін жүйенің болмауына байланысты онда берешектің түзілуі мүмкін екендігі туралы Қысқа мәтіндік хабарлама жолдау арқылы хабардар етеді, ал Абонент несиелік лимиттен тыс көрсетілген Қызметтердің құнын төлеуге міндетті болады.
- 4.4. Роуминг қызметін, Үшінші тұлғалардың қызметтерін қоса, кейбір Қызметтердің құнын Оператор келесі Есептік кезеңдер үшін берілетін шотқа қоса алады.
- 4.5. Көрсетілетін қызметтер үшін шот-фактураларды ұсынуды Оператор «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес электрондық нысанда [www.esf.gov.kz](http://www.esf.gov.kz)» порталындағы ЭШФ АЖ ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады.

## **5. Тараптардың жауапкершілігі**

- 5.1. Оператор Роумингтегі қызметтерді қоса алғанда, үшінші тұлғалардың Қызметтерінің сапасына жауапты болмайды.
- 5.2. Оператор төмендегілерге жауапты болмайды:
- 5.2.1. Операторға қатыссыз себептермен Оператор желісінің үзілуіне, сондай-ақ осы Шарт талаптарын басқалай орындамауға немесе тиісінше орындамауына, оның ішінде дүлей күш жағдайларына (форс-мажор), оның ішінде шектелместен: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, тәртіпсіздік немесе көтеріліс, төтенше жағдай, қарақшылық әрекеттері, іріткі, дүлей апаттар, құйындар, циклондар, дауылды желдер, жер сілкінулер, цунами, су тасқындары, найзағай нәтижесіндегі қирау, жарылыстар, өрттер, байланыс желілеріндегі және жабдықтағы апаттар/ақаулықтар, ғимараттардың, құрылыстардың және кез келген қондырғылардың, желілердің, телекоммуникациялық жабдықтың қирауы, осы Шарт талаптарын орындауға кедергі болатын нормативтік құқықтық актілердің өзгеруі/күшін жоюы, мемлекеттік органдардың әрекеттері.
- 5.2.2. Абоненттік/телефон нөмірінің қате терілгені, сондай-ақ Дербес шотты толтыру барысында Абоненттік нөмірдің/Дербес шоттың, шот-фактура нөмірінің қате көрсетілгені үшін;
- 5.2.3. бүлінген немесе тиісті емес Абоненттік құрылғының пайдаланылуы салдарынан Қызметтердің мүмкін болатын нашарлауы;
- 5.2.4. басқа операторлардың байланыс қызметтерінің сапасына, сондай-ақ Оператордың үшінші тараптар ұсынатын қызметтерді бірлесіп көрсеткен жағдайында;
- 5.2.5. Оператор желісі арқылы көрсетілетін үшінші тараптар қызметтерінің көрсетілмеуіне, уақтылы көрсетілмеуіне, мазмұнына және сапасына;
- 5.2.6. Абоненттің үшінші тараптарға кез келген ақпаратты таратуына және Абоненттің Оператор Қызметтері арқылы келтірген кез келген залалға;
- 5.2.7. Абонентке ауызша берілген кеңес нәтижесінде Абонент үшін пайда болған жағымсыз салдар үшін;
- 5.2.8. Абонент сұранымдары бойынша берілген ақпараттың Абоненттің жеке күтулеріне және оның субъективті бағасына сай келмеуіне.

5.3. Оператор Абоненттің алдында осы Шартқа және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, кінәсі дәлелденген болса, жауапты болады, сонымен бірге, Оператордың жауапкершілігі Абонентке келтірілген тікелей шынайы залалдың өлшемімен шектеледі және 5 АЕК-ке тең сомадан аспайды. Оператор Абонент алдында Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың ықтимал шығындары үшін жауапты болмайды.

5.4. Абонентте Қызметтерге ақы төлеу бойынша берешек болған жағдайда Оператор Абоненттен мерзімі өткен әр күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

5.5. Абонент Шарттың, Шарт қосымшаларының талаптарын бұзған жағдайда, Оператордың алдында жауапкершілік көтереді және Операторға келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті болады.

5.6. Абонент үшінші тұлғалар, оның ішінде кәмелетке толмаған тұлғалар Абоненттік нөмірді, Абоненттің Сәйкестендіру картасын және Қызметтерді пайдаланған жағдайда, Абоненттің Сәйкестендіру картасын жоғалту немесе ұрлау жағдайларын қоса алғанда және Қызметтерді тоқтату туралы өтінішпен Операторға уақтылы жүгінбеген жағдайда, толық жауапты болады.

## **6. Шарттың әрекет ету мерзімі, оны бұзу және өзгерту тәртібі**

6.1. Осы Шарт Абонент Тіркеу парағына қол қойған және оны Операторға немесе оның өкіліне ұсынған сәттен бастап, осы Шарттың 2.3-тармағына сәйкес немесе Абоненттің Оператор айқындаған өзге тәсілмен Шартқа қосылған сәтінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес қолданыста болады.

6.2. Мына жағдайларда Оператор Абонентке алдын ала ескертпей, Шартты соттан тыс біржақты тәртіпте бұза алады:

6.2.1 Абонент осы Шартты және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген шарттарды бұзғанда;

6.2.2 Абонент өзі туралы қате деректерді бергенде және/немесе Абоненттің Сәйкестендіру картасын қайта ресімдемей және/немесе Операторға хабарламай, үшінші тұлғаға бергенде.

6.3. Осы Шарт мынадай жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:

6.3.1. Абонент Шарттан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда. Абонент Операторға Шартты бұзу туралы Өтініш жолдайды. Бұл жағдайда Қызметтерді көрсету іс жүзінде Абонент Өтінішінде көрсетілген күннен бастап, бірақ Өтініштің берілу күні мен уақытынан ерте болмайтын мерзімде тоқтатылады.

6.3.2. Абонент Абоненттік нөмірді Ауыстыруға Өтініш берген жағдайда.

6.3.3. Есеп айырысудың несиелік тәртібі бойынша Абоненттің өзіне көрсетілген Қызметтердің ақысын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты, Абонентке Қызметтерді көрсету екі күнтізбелік айдан астам уақыт бойына тоқтатылған жағдайда;

6.3.4. Абонент 12 ай бойы Қызметтерді (кіріс және шығыс байланысы, Қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу/алу, деректерді беру, қабылдау/жіберу) пайдаланбаған жағдайда.

6.3.5. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген Шартты тоқтатудың басқа да негіздері болған жағдайда.

Шарттың бұзылуы, сондай-ақ Абонентке Қызметтерді көрсетудің тоқтатылуы оның бұзу күніндегі ахуал бойынша оған көрсетілген Қызметтердің ақысын, соның ішінде Роуминг қызметтерін, ақылы анықтамаларды және басқа да қызметтерді қоса алғанда, көрсетілгендігі кейіннен анықталған Қызметтердің ақысын төлеу бойынша берешектерін және Оператор алдындағы басқа да берешектерін төлеу міндеттерін жоймайды.

6.4. Осы Шарт бұзылғанда/тоқтатылғанда Абонентке оның Дербес шотындағы ақша қалдығын қайтару Оператордың қызмет көрсету кеңселерінде белгіленген үлгі бойынша берілетін Абоненттің жазбаша Өтініші негізінде жүзеге асырылады. Қайтару осындай қайтару туралы Абоненттің жазбаша Өтініші тіркелген мезеттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, бірақ есеп айырысудың несиелік тәртібін қолданатын Абоненттер бойынша Есептік кезең аяқталған күннен бастап кем дегенде 15 (он бес) күнтізбелік күннен кейін жүзеге асырылады.

6.5. Шартты кез келген негіздер бойынша бұзу/тоқтату қызмет көрсетуден бас тартуға және Абоненттік нөмірді алып қоюға әкеп соғады. Абоненттік нөмірді басқа байланыс операторының желісіне көшірген кезде Шарт бұзылған/тоқтатылған жағдайда Абоненттік нөмір алынбайды. Бұл ретте Абоненттің меншігіндегі Абоненттік құрылғыны Оператор сатып алмайды, Абоненттік құрылғының құны, Абоненттің сәйкестендіру картасының құны, Абонент сатып алған және белсендірмеген Төлем карталарының құны, Абоненттік төлемдердің төленген сомалары, белсендірілген Қызметтердің, Тарифтік жоспарлардың құны Абонентке қайтарылмайды. Оператордың кез келген Қызметтердің немесе науқандардың шеңберінде ұсынылған бонустары мен жеңілдіктері (оның ішінде жарнамалық) ақшалай түрде төленбейді және Қызметтердің өшірілген және/немесе Шарттың бұзылған жағдайында нөлденеді.

6.6. Оператор осы Шарттың өзгертілген редакциясын Оператор Сайтында орналастыру арқылы осы Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Осындай өзгерістер мен толықтырулар Шартпен басқалай ескерілмеген болса, осындай өзгерістер мен толықтырулар жарияланған сәттен бастап әрекет етеді. Абонент өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда Операторға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Операторға жазбаша Өтініш жолдау арқылы Шарттан бас тартуға құқылы.

6.7. Оператор Дербес деректерді жинауға және өңдеуге Абоненттің келісімін кері қайтарып алуға байланысты толық немесе ішінара біржақты тәртіппен Абонентке Қызметтерді ұсынуды тоқтатады.

## **7. Байланыс желілерінде абоненттік нөмірді ауыстыру**

7.1. Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес Оператор өзінің байланыс желісінде, сондай-ақ Оператор желісінен Абоненттік нөмірді ауыстырудың техникалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

7.2. Абонент Оператордың Абоненттік нөмірді ауыстыру сұранымын тексеру сәтінде Абоненттің Оператор алдында орындалмаған міндеттерінің, оның ішінде несиелік есеп айырысу тәртібі бойынша көрсетілген қызметтерге қарызын, Роумингте көрсетілген байланыс қызметтерінің қарызын немесе сатып алынған Абоненттік құрылғылар бойынша міндеттемелер бойынша қарызының болмаған жағдайында басқа оператор кеңсесіне жолығу арқылы Абоненттік нөмірін осы оператор желісіне ауыстыру үшін жүгінуге құқылы.

7.3. Абонентке Абоненттік нөмірді ауыстыру процедурасын жүзеге асыру мерзімінде берілетін уақытша Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға, сондай-ақ оны донор оператордың нөмірді ауыстыруға сұранымды растауына немесе оны қайтаруына дейін қайта тіркеуге болмайды.

7.4. Оператор Абонентте көрсетілген Қызметтер бойынша, оның ішінде Роумингте берешек болған жағдайда, сондай-ақ Абонентте Абоненттік нөмірді Көшіруге сұранымды тексеру сәтінде сатып алынған Абоненттік құрылғылар бойынша орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда Абонентке Абоненттік нөмірді Көшіруден бас тартуға құқылы.

7.5. Абоненттік нөмірді Қызметтердің көрсетілуі құқық қорғау органдарының және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы негізінде бұғатталған Абоненттік нөмірлерге қатысты ауыстыру мүмкін емес.

7.6. Абонент Абоненттік нөмірді ауыстырғаннан кейін анықталған Оператор желісінде қызмет алу мерзімінде көрсетілген Роумингтегі Қызметтер бойынша қарызын Оператордан осындай қарыздың болуы туралы мәлідемесін алғаннан кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

7.7. Абоненттік нөмірдің ауыстырылуынан кейін Абоненттің Дербес шотынан ақша қалдығын қайтару Абоненттің Оператордың қызмет көрсету кеңселеріне орнатылған үлгі бойынша ұсынған Өтініші тіркелгеннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

## **8. Ерекше шарттар**

8.1. Оператор ұсынатын Қызметтер радиотолқындар таралуының ерекшеліктеріне байланысты ғимараттар ішінде, маңында, жергілікті жер бедері мен құрылыстардың ерекшеліктеріне,

метеорологиялық жағдайларға, байланыс сигналдарын басатын арнайы техникалық құралдардың жұмысына және басқа да себептерге байланысты нашарлауы немесе үзілуі мүмкін.

8.2. Абонентке ұсынылатын Қызметтер желінің конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты Оператор құзырынан тыс жергілікті сымды телефон желісі операторларының жабдықтары, халықаралық және/немесе қалааралық байланыс операторлары жабдықтарының сапасына байланысты.

8.3. Қызметтерді көрсету жөніндегі шектеулер мен талаптар ағымдағы заңнамаға сәйкес орнатылады.

8.4. Тараптар арасында пайда болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің барлығы келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды шешу мүмкін болмаса, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан орны бойынша сот тәртібімен шешіледі.

8.5. Осы Шартта көрініс таппағанның барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасын басшылыққа алады.

8.6. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланып отыр. Айырмашылық болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

8.7. Егер осы Шарттың қандай да бір шарты болашақта толық немесе жартылай жарамсыз немесе қолдануға болмайтын болып танылса, бұл шарт осы Шарттың толықтай немесе жартылай басқа шарттарының жарамдығына және қолданылатындығына әсер етпейді.

## **9. Оператордың есеп шотының деректемелері:**

«Кселл» АҚ, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әлімжанов к-сі, 51

BSN 980540002879, SWIFT HSBKZKZKX, IBAN KZ406017131000016045 «Қазақстан Халық банкі» АҚда.

### Қызметтерді әділ және адал пайдалану саясаты

Абоненттердің Оператордың техникалық мүмкіндіктерін және ҚР қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, ұялы байланыс пен интернеттің сапалы қызметтерін алуға тең құқығы бар.

Барлық Абоненттерді сапалы және тұрақты қызметтермен, оның ішінде интернетке қолайлы қолжетімділікпен қамтамасыз ету мақсатында желінің ең көп жүктемесі сағаттарында желілік ресурстарды әділ бөлу көмегімен, сондай-ақ Оператор ұсынатын Қызметтердің сапасына әсер етуі мүмкін бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында Қызметтерді әділ және адал пайдаланудың мынадай шарттары қолданылады.

Стандарттық жағдайларда деректер трафигін, дауыстық қызметтерді және Оператордың өзге де қызметтерін шектен тыс пайдалану жоқ. Оператор Абонентке тиісті тарифтік жоспарда айқындалған мүмкіндікпен барынша жайлылық режимінде Қызметтерді пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Алайда, жекелеген Абоненттер орташа салыстырмалы пайдаланушыларға/Абоненттерге (орташа статистикалық пайдаланушылар) қарағанда Қызметтердің үлкен көлемін (шектен тыс көлемін) пайдалануы мүмкін. Бұл желінің артық жүктемесін және басқа Абоненттер үшін қолайсыздықтарды, дауыстық байланыс сапасының нашарлауын, басқа Абоненттерде/желі пайдаланушыларында мобильді интернет жылдамдығының нашарлауын тудыруы мүмкін.

Бұл ретте деректерді шектеусіз беру мүмкіндігін ескеретін Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер бойынша шектен тыс желілік трафиктің теріс әсерін болдырмау мақсатында шектен тыс желілік трафик пайда болған жағдайда, сондай-ақ шамадан тыс жүктеме сағаттарында Оператор әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді ыңғайлы пайдалану, электрондық поштаны тексеру және қолайлы сапада бейнелерді көру үшін деректерді тасымалдау жылдамдығын қолдайтын жұмсақ шектеу режимін қолданады.

Абоненттің басқа Абоненттердің Көрсетілетін қызметтерді пайдалануына кедергі келтіруге бағытталған дауыстық байланыс, SMS, мобильді интернет қызметтерін пайдалануы, Оператордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы, оның ішінде, шектелместен келесілер Қызметтерді жосықсыз пайдалану ретінде қаралады:

- Абоненттің Оператор ұсынатын Қызметтерді адал алу мақсатынсыз Абоненттің отбасылық, жеке және өзге де осыған ұқсас мақсатсыз пайдалануы үшін Абоненттің қажеттілігін қамтамасыз етуге байланысты емес коммерциялық немесе басқа да мақсаттарда пайдалануы.

- Басқа Абоненттерді, өзге де үшінші тұлғаларды жаңылыстыру, сондай-ақ кез келген автоматты жүйелерді шектеулерді айналып өту немесе алдау, Абоненттің Қызметтерге қажеттілігін қамтамасыз етуге байланысты емес кез келген өзге де алаяқтық әрекеттерді жасау мақсатында Қызметтерді пайдалану.

- Абоненттің дауыстық байланыс қызметтерін, конференция, қоңырауды Қызметтерді адал пайдалану үшін қажет уақыт кезеңінен асатын бағыттау және ұстап тұру қызметтерін жосықсыз пайдалану, сондай-ақ Оператордың ұялы байланыс желісінің және/немесе Оператор Серіктестерінің желісі және/немесе жабдығы жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін басқа да әрекеттерді жасау, Тарифтік жоспарлардың, Науқандардың және Көрсетілетін Қызметтердің өзге де шарттарының әртүрлі үйлесімдеріне негізделген іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ басқа Абоненттердің жеткілікті сападағы Қызметтерді алу мүмкіндігін шектеу және Шарт мәніне және Қызметтердің мақсатына сәйкес болмайтын басқа да әрекеттерді жасау.

- Тарифтік жоспарлардың шеңберінде ұсынылатын деректерді берудің Шектеусіз қызметтерін жосықсыз пайдалану (мысалы: P2P(торрент) желілерінде және қосымшаларында деректерді жүктеу/беру, VoIP/SIP телефонияны пайдалану, стриминг контентті пайдалану және т.б.)

- Осындай жүйелерді адал пайдалану үшін қажетті уақыт ішінде автоматты қызмет көрсету жүйелерімен өзара іс-қимылды қоспағанда, екі немесе одан да көп жеке тұлғалар арасында жанды қарым-қатынасты білдірмейтін әртүрлі трансляцияларды беру, мониторинг жүргізу, деректерді авторизациялау, жазылған материалдар мен деректерді немесе өзге де дауыстық қосылыстарды беру үшін байланыс қызметтерін пайдалану.

Оператор Саясат пен Шартқа сүйене отырып, Абонентке Қызметтерді толық не ішінара тоқтата тұруға және өзіндік тергеу (тексеру) жүргізуге, сол сияқты сервистер мен Қызметтерді пайдалануды шектеуге не Абонентпен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Тексеру жүргізу кезінде Оператор:

- Деректерді Шектеусіз беруді көздейтін Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер бойынша Абонентке алдын ала хабарлаусыз деректерді берудің ең жоғары өткізу қабілетін (мысалы, белгілі бір шектен өткеннен кейін) шектеуге және/немесе Деректерді беру қызметтерін пайдаланудың кейбір түрлерін шектеуге (мысалы: Абонент аталған Саясаттың бұзылуын жойғанға дейін және Абонент Операторды мұндай жою туралы хабардар еткенге дейін Абонент үшін деректерді желілер мен қосымшалардағы P2P (торрентке) жүктеу/беру, телефон VoIP/SIP телефонияны, стриминг контент және т.б. пайдалану) құқылы.

- Абоненттің/үшінші тұлғалардың зиянды/қылмыстық/құқыққа қайшы әрекеттері, Оператордың Қызметтерін теріс пайдалану, оның ішінде Абоненттің жеке шоты бойынша, сондай-ақ Абонент Фрод жасаған, соның салдарынан Операторға залал келтірілген жағдайда, Оператор осындай Абоненттерден шығындарды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

- Нәтижесінде Операторға да, адал Абоненттерге де залал келтірілетін Абоненттік нөмірлерді пайдалана отырып, болжамды заңсыз әрекеттерді шектеу үшін Оператор жеке тұлға болып табылатын Абонентке оннан астам Абоненттік нөмірді тіркеуден бас тартуға құқылы.

Саясатты басшылыққа ала отырып, Абонент заңнамада қамтылған талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын сақтай отырып, Оператордың Қызметтерін адал, ақылға қонымды және әділ пайдалануды жүзеге асыруға келіседі.

## Мобильді қаржы қызметтерін көрсету ережесі

Осы Мобильді қаржы қызметтерін көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) Оператор мен Абоненттің төмендегідей жағдайларда туындайтын қатынастарын реттейді:

1) Оператордың электрондық ақшаны сатып, Абоненттің оның көмегімен азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді және басқа да операцияларды жүргізуі мақсатында сатып алуы, сондай-ақ Абоненттің Оператордың Технологиялық жүйесін пайдалану тәртібін айқындайды, ол арқылы Абонент Электрондық әмиянды толықтыру және Электрондық ақшамен өзге де операцияларды жасау туралы Нұсқау береді.

2) Оператордың байланыс қызметтері үшін аванс ретінде енгізілген және Дербес шотта ескерілетін ақшалай қаражатты Абонентке банктік шотына және/немесе төлем картасына оның ішінде Банктің кейіннен Абоненттің тиісті нұсқауының негізіне азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүргізу мүмкіндігімен қайтаруы.

### 1. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер және анықтамалар

1.1. **Электрондық ақша жүйесінің операторы** – Электрондық ақша жүйесінің жұмыс жасауын, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалану арқылы жасалған операцияларды жүргізу барысында алынған ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін, сонымен қатар Электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған шартқа сәйкес Электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу ережелерін анықтайтын заңды тұлға.

1.2. **Фрод** электрондық ақша жүйесінің қатысушыларына материалдық залал келтіруге бағытталған, сондай-ақ Оператордың іскерлік беделі мен оның желісінің жұмысына кері әсерін тигізетін рұқсат етілмеген немесе заңға қайшы (түрлі техникалық тәсілдерді пайдалану арқылы жүргізілетін) әрекеттер.

1.3. **Ресми сайттар** - [www.kcell.kz](http://www.kcell.kz), [www.activ.kz](http://www.activ.kz) және [mobimoney.kz](http://mobimoney.kz) қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен Оператордың веб-сайттары және мобильді қолданбалары, Оператор серіктестерінің веб-сайттары және мобильді қолданбалары, Оператордың Мобильді қаржы қызметтеріне қолжетімділік беретін электрондық ақша жүйесі.

1.4. **QR-кодты сканерлеу** – Абоненттік құрылғының сканері арқылы цифрлық кодты оқуды білдіретін Нұсқауды бағыттау тәсілі.

1.5. **QR-код** – Төлем талаптары туралы кодталған ақпаратты қамтитын, ISO/IEC 18004:2015 стандарты негізінде жүзеге асырылған цифрлық кодтың графикалық түсіндірмесі;

1.6. **Төлемнің жеке нөмірі** – Абоненттің Электрондық ақшаны сатып алуынан кейін Абоненттің Электрондық ақшаны сатып алғанын растайтын құжатты алуға мүмкіндік беретін тиісті жүйе Операторының электрондық түрде Абонентке беретін нөмірі.

1.7. **Оператор сайты** – Оператордың келесі мекенжай бойынша Интернет желісіндегі ақпараттық ресурсы: [www.kcell.kz](http://www.kcell.kz) (Kcell абоненттері үшін) және [www.activ.kz](http://www.activ.kz) (activ абоненттері үшін).

1.8. **Жария шарт** – нысаны Оператордың Абонентке байланыс қызметтерін, Оператордың және үшінші тұлғалардың басқа да қызметтерін көрсету болып табылатын Абонент пен Оператор арасында жасалған Байланыс қызметтерін көрсетудің жария шарты.

1.9. **Нұсқау** 1) Абонент ұсынатын және осы Ереженің 7-тармағында және (немесе) Электрондық ақша Жүйесі ережесінде көзделген техникалық тәсілдермен іске асырылатын Электрондық ақшамен Операцияларды жүзеге асыру туралы Абоненттің өкімі; 2) Операторға Абонент Оператордың байланыс қызметтері үшін аванс ретінде енгізген және Дербес шотта ескерілетін ақша қаражатын Абонентке қайтару және оларды Банкке аудару тапсырмасын қамтитын Абоненттің өкімі. Банкке аударылған ақша қаражатын Банк Банк құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк эмиссиялаған тиісті банк шотына немесе төлем карточкасына аударды.

1.10. **Мобильді қаржы қызметтері (mobimoney)** – Оператордың Электрондық ақшаны Абонентке тиісті Электрондық ақша жүйесінде өткізу жөніндегі қызметтері, Оператордың



- Абонентке оның банк шотына және/немесе төлем карточкасына ақша қаражатын қайтаруы, оның ішінде кейіннен Банктің азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдер жүргізуі мүмкін.
- 1.11. **Электрондық ақша жүйесіне қатысушылар** – осы Ережеге және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің ережесіне және (немесе) жасалған шартқа сәйкес тиісті Электрондық ақша жүйесінің аясында Электрондық ақшаны шығаруға, беруге, алуға, пайдалануға, сатып алуға, сатуға немесе өтеуге құқылы жеке немесе заңды тұлғалар.
- 1.12. **Технологиялық жүйе** – Оператордың ақпаратты өңдеу жөніндегі жүйесі және Электрондық ақша жүйесінің қатысушылары арасында ақпарат алмасуды, сондай-ақ Абонент Нұсқауларын беруді қамтамасыз ететін тиісті ұйымдық және техникалық ресурстар.
- 1.13. **Лимит** – бір операцияның максималды сомасы, белгілі бір мерзімде Электрондық ақша иесі жасаған транзакциялар саны;
- 1.14. **Авторизация** – Абоненттің Электрондық ақшамен операциялар жүргізу құқығын тексеру (растау) процесі;
- 1.15. **Жеткізуші** – Абоненттің Электрондық ақшаны немесе төлем карточкасын пайдаланумен төлем жүргізетін, Абоненттерге қызметтерді, жұмыстарды ұсынатын немесе тауарларды сататын тұлға.
- 1.16. **Электрондық ақшаны өтеу** – тиісті Электрондық ақша жүйесінің ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын, эмитенттің электрондық ақша иегері ұсынған немесе Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларда ұсынбастан өтелуге жататын электрондық ақшаны номиналды құны бойынша ақша сомасына тең ақшаға айырбастау бойынша жүргізілетін операция.
- 1.17. **Төлем** – Электрондық ақша жүйесі арқылы Абоненттің Жеткізуші мен Абонент арасында Электрондық ақшаны пайдаланумен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша үшінші тұлғалардың (Жеткізушілердің) тауарлары, жұмыстарын, қызметтерін төлеуі.
- 1.18. **Электрондық әмиянды толтыру** – Абоненттің Оператордан Электрондық ақшаны сатып алуы және оны Абонент нұсқауы бойынша Электрондық әмиянға аудару бойынша жүргізілетін операция.
- 1.19. **Электрондық ақша Эмитенті / Эмитент** – «Эмитент – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Электрондық ақша жүйесінде Электрондық ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын төлем қызметтерін жеткізуші»;
- 1.20. **Электрондық әмиян** – Абоненттерге Электрондық ақшамен төлемдерді, ақша аударымдарын және басқа операциялар жасауға мүмкіндік беретін, ішінде Электрондық ақша сақталатын және/немесе оған қол жеткізуді қамтамасыз ететін микропроцессор (чип), жеке компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыру, басқа да бағдарламалық-техникалық құрал.
- 1.21. **Электрондық ақша** — Эмитенттің электрондық түрде сақталатын және Электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушыларының Электрондық ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қабылдайтын шартсыз және қайтарымсыз ақша міндеттемелері.
- 1.22. **Электрондық ақша жүйесінің ережесі** — Интернетте тиісті сайттарда орналастырылған, Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында орнатқан және келіскен Электрондық ақшаны шығару, сату, сатып алу, қабылдау, беру, өтеу және оны пайдалану бойынша басқа да операцияларды жүргізуді реттейтін Ереже: [www.wooppay.com/files/2.pdf](http://www.wooppay.com/files/2.pdf) немесе <https://kempay.kz/ru/doc>.
- 1.23. **Электрондық ақша жүйесі операторының сайты** – Интернет желісіндегі Электрондық ақша жүйесі Операторының ақпараттық ресурсы ([www.wooppay.com](http://www.wooppay.com) мекенжайындағы «Wooppay» электрондық ақша жүйесінің интернет-сайты, [www.kempay.kz](http://www.kempay.kz) мекенжайындағы «Казевромобайл» Электрондық ақша жүйесінің интернет-сайты).
- 1.24. **Электрондық ақша жүйесі** – Электрондық ақшамен төлемдерді және басқа да операцияларды жүргізуді қамтамасыз ететін Электрондық ақша жүйесі Операторының бағдарламалық-техникалық құралдарының, құжаттамаларының және ұйымдастырушылық-техникалық шараларының жиынтығы, оның ішінде «Wooppay» электрондық ақша жүйесі, «Казевромобайл» электрондық ақша жүйесі.
- 1.25. Банк - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуды және жүргізуді қамтитын банк қызметін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі.

Осы Ережеде анықтамалары мен мәндері берілмеген терминдер осы терминдер үшін Жария шартта және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің ережелерінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген терминдер мен мағыналарға сәйкес түсіндіріледі.

## 2. Жалпы ережелер

2.1. Осы Ереже шарттарына сәйкес Оператор:

2.1.1. Абоненттің төлем жүргізу немесе Электрондық ақшамен басқа операцияларды олардың Эмитенті анықтаған шарттарда жүзеге асыру мақсатында Абоненттерге Электрондық ақшаны өткізеді (бұдан былай «**Электрондық әмиянды толтыруды жүзеге асырады**»);

2.1.2. Абоненттерге Абоненттің Электронды әмиянын толтыру және Электронды ақшамен операция жүргізу туралы нұсқаулардың берілуін қамтамасыз ететін Технологиялық жүйені пайдалану мүмкіндігін ұсынады.

2.1.3. ұялы байланыс операторы Абонентке көрсетілген байланыс қызметтеріне артық төленген ақшаны қайтарады немесе оларды абоненттің келісімі бойынша байланыс қызметтеріне аванстау ретінде есептейді. 2.2. Оператордың Абонентке Электрондық ақшаны өткізуі Абоненттерге Жеткізушінің қызметтерін/тауарларын/жұмыстарын төлеу және тиісті Электрондық Ақша Жүйесінде Электрондық Ақшамен басқа операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін беру мақсатында жүзеге асырылады. Нұсқауды жібере отырып, Абонент Электрондық ақша сомасын Оператордан сатып алады және Жеткізушінің пайдасына төлем жасайды немесе Электрондық Ақшаның тиісті эмитенті анықтаған шарттарда оны қолдана отырып, кез келген басқа операцияны жүзеге асырады. Нұсқауларды Абонент Оператордың Технологиялық жүйесін пайдалану арқылы осы Ережеде және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережелерінде қарастырылған тәсілдермен береді. Абоненттің Нұсқау берген кезінде сәйкес Нұсқаудың нақты орындалатын Электрондық ақша жүйесін таңдау Оператордың ақпараттық жүйесіндегі және Электронды ақша жүйесіндегі реттеулерге сәйкес автоматты түрде жүзеге асырылады.

2.3. Абоненттердің Оператормен Электрондық ақшаны сатып алу операциялары бойынша есеп айырысулары Абоненттің алғытөлемдік есеп айырысу тәртібіндегі абоненттік нөмірлер бойынша Жария шарт негізінде байланыс қызметтеріне алғытөлем ретінде енгізген ақшасы есебінен жүзеге асырылады. Абоненттің Электрондық ақша сатып алуына байланысты Абоненттің дербес шотынан ақша қаражатын алу туралы ақпарат көрсетілген байланыс қызметтері бойынша шот деректерінде көрсетіледі.

Абонент Оператордан байланыс қызметтері үшін артық төленген сомаларды қайтаруды талап етуге құқылы.

2.4. Электрондық ақшамен операцияларды Абонент Электронды ақша жүйесінің тиісті ережелерінде қарастырылған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырады.

2.5. Осы Ережені (Офертаны) оны акцептілеу жолымен қабылдау арқылы Абонент өзінің келісімін растайды және осы Ережеге толықтай қосылады.

## 3. Абоненттің осы Ережеге қосылу тәртібі

3.1. Абоненттің осы Ережеге қосылуы Абонентпен олармен танысып, оның осы Ереже мен Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережесімен келісетіндігін білдіреді.

3.2. Абоненттің осы Ережеге қосылу сәті және олардың күшіне енуі Абоненттің келесі әрекеттердің бірін жасаған сәт болып саналады:

3.2.1. 7701, 5505, 525, 4404, 9505, 9909 және тиісті нұсқаулықтарда және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережелерінде көрсетілген басқа нөмірлерге SMS жолдау арқылы;

3.2.2. осы Ереже мен Электрондық ақша жүйесінің ережесі шарттарымен келісуін мәтіннің жанындағы тиісті жиекте белгі (қанат белгісі) түрінде көрсетілген немесе веб-ресурстарда немесе абоненттік құрылғыларға арналған кез келген басқа қолданбаларда осы Ереже мен тиісті Электрондық ақша жүйесінің ережесінің мәтініне сілтемемен растауы;

3.2.3. «mobimoney», 4404 жолдаушыдан алынған SMS арқылы келген бір реттік растау кодын тиісті жиектерде енгізу арқылы;

3.2.4. Оператормен Ережеге және (немесе) Интернет желісіндегі мекенжайы көрсетілген осы Ереженің өзекті нұсқасы және тиісті Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережесі көрсетілген Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережесіне сілтемені қамтитын басқа да келісімдерге қол қою.

3.3. Осы Ережеге қосыла отырып, Абонент Операторға, сәйкес Электрондық ақша жүйесінің Операторына оның Дербес деректерін оған Мобильді қаржы қызметтерін көрсету үшін жинауға және өңдеуге рұқсат береді, сәйкес Электрондық ақша жүйесінің Операторының Оператордан Абоненттің дербес деректерін алуына, сондай-ақ Абоненттің дербес деректерінің Операторға, Эмитентке және сәйкес Электрондық ақша жүйесінің балсқа да қатысушыларына берілуіне келісімін береді. Дербес деректерді өңдеу дегеніміз дербес деректерді жинауды, сақтауды, түрлендіруді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иеліктен шығаруды, оқшаулауды, бұғаттауды және жоюды қоса алғанда, осы Ережемен және (немесе) тиісті Электрондық ақша жүйесінің ережелерімен ескерілген дербес деректерді беру процесінде дербес деректерді Эмитентке немесе басқа үшінші тұлғаларға беруді қамтитын іс-қимылдарды (операцияларды) білдіреді. Оператор үшінші тұлғалармен жасалған құпиялылық туралы келісім негізінде оларға осы Ережеде және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережесінде ескерілген міндеттемелерді орындау мақсатында ғана Абоненттердің дербес деректерін өңдеуді тапсыруға құқылы.

3.4. Электрондық ақшаны және Ақпараттық жүйеге қол жетімділікті алу мүмкіндігі Абонентке келесі шарттарды ұсынылады:

3.4.1. Абоненттің Оператор алдындағы байланыс қызметтеріне немесе басқа қызметтері үшін қарызының болмауы;

3.4.2. Абоненттік құрылғыда бұғаттаудың болмауы;

3.4.3. Жеке шоттың негізгі теңгерімінде жеткілікті ақша сомасының болуы;

3.4.4. Электрондық ақшамен жасалатын операциялардың сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лимиттерден аспайды;

3.4.5. Абонент енгізген деректер дұрыс;

3.4.6. абоненттік нөмір жеке тұлға атына тіркелген;

3.4.7. абоненттік нөмір роумингте емес (тек Kcell абоненттері үшін).

3.5. Оператор Абоненттің осы тармақта ескерілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайында немесе заң талаптарына қайшы келмейтін басқа себептер бойынша Абонентке Мобильді қаржылық қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.**

4.1. Оператор міндеттері:

4.1.1. Осы Ереженің 3-тармағын ескере отырып, Абонент туралы дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету. Оператор Абоненттің Оператордың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзінің дербес деректерінің жариялауына және/немесе жоғалуына байланысты Абонентке келтірген залалға жауапты болмайды.

4.2. Оператор құқықтары:

4.2.1. Оператордың сайтында тиісті хабарлама жарияланғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей немесе өзгерістер күшіне енгенге дейін Мобильді қаржылық қызметтерді ұсынуды тоқтату немесе біржақты соттан тыс тәртіпте оны ұсыну тәртібі мен шарттарын өзгерту. Осы Ережеге қосыла отырып, Абонент Оператордың осы Ереже талаптары мен шарттарын Оператор сайтында ақпаратты орналастыру арқылы Оператордың кейіннен өзгертетіндігімен келіседі.

4.2.2. Оператор біржақты тәртіпте Абонентке Нұсқауларды беру тәсілдерін өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы.

4.2.3. Абоненттің осы Ереже талаптарын бұзған жағдайда немесе Абоненттің фрод, алаяқтық немесе басқа заңға қайшы өзге әрекеттері анықталған жағдайда, бұл туралы Абонентке алдын ала хабарламай, Мобильді Қаржы Қызметтерін Абонентке ұсынудан бас тарту.

4.3. Абонент міндеттері:

4.3.1. Осы Ережеде және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің тиісті ережелерінде көзделген талаптар мен міндеттемелерді орындау;

4.3.2. Осы Ережеге сәйкес көрсетілген қызметтерге ақы төлеу.

4.3.3. Мобильді қаржылық қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ететін Абоненттік құрылғының немесе парольдің және/немесе SIM-картаның жоғалған жағдайында бұл туралы Операторға дереу хабарлау және 3030 немесе +7 727 258 83 00 телефонына хабарласып немесе Оператордың Оператор сайтында көрсетілген мекенжайы бойынша орналасқан қызмет көрсету кеңсесіне барып Абоненттің нөмірін бұғаттауға өтініш беру.

4.4. Абонент құқықтары:

4.4.1. Осы Ережемен және (немесе) Электрондық ақша жүйесінің ережесімен ескерілген талаптарды қадағалаған және оларға сәйкес келген жағдайда Мобильді қаржы қызметтеріне қол жеткізу.

4.4.2. [mobimoney.kz](http://mobimoney.kz), [check.activ.kz](http://check.activ.kz) сайттарында көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес және осы Ереженің 8 бөлімі 1-тармағымен ескерілген тәртіпте осы сайттарда Электрондық ақшамен жүргізілген операциялар туралы ақпарат алу.

## 5. Оператордың Мобильді қаржы қызметтерін көрсету үшін алатын сыйақысы

5.1. Абоненттің Операторға Мобильді қаржы қызметтерін көрсеткені үшін төлейтін сыйақы және (немесе) комиссия сомасы туралы ақпарат [www.kcell.kz](http://www.kcell.kz), [www.activ.kz](http://www.activ.kz) және [mobimoney.kz](http://mobimoney.kz) веб-сайттарында және (немесе) Электрондық ақша жүйелерінің Қатысушылары немесе Операторлардың тиісті интернет-ресурстарында ұсынылады.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі.

6.1. Электрондық ақшамен операцияларды Абонент тиісті Электронды ақша жүйесінде жүзеге асырады. Тиісті Электрондық ақша жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі және (немесе) Электрондық ақшаны пайдаланумен жүргізілетін операция барысында пайда болған ақпаратты жинау, өңдеу және таратуды қоса алғанда есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қызметтерді тиісінше көрсетпегені, төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына байланысты міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына тиісті Электрондық ақша жүйесінің Операторы немесе Банк жауапты болады.

6.2. Қызметтерді көрсету, тауарлар мен жұмыстарды ұсыну, олардың сапасы мен жеткізілімі бойынша міндеттемелерге Жеткізуші жауап береді. Жеткізуші көрсеткен қызметтерден, жұмыстардан және сатылған тауарлардан туындайтын барлық шағымдарды, сондай-ақ тауарларды және/немесе қызметтерді және/немесе жұмыстарды айырбастау-қайтару талаптарын Абонент толық деректері тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер сатып алынған қолданбада, сайтта көрсетілген тікелей Жеткізушіге ұсынуы немесе [www.woopay.com](http://www.woopay.com), [www.kemray.kz](http://www.kemray.kz) сайтында көрсетілген байланыс телефондары арқылы Электрондық ақша жүйесі операторының Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу қажет.

6.3. Оператор Абонент алдында Оператордың кінәсі жақ техникалық платформалар мен көліктік желілердің немесе байланыс желілерінің жұмысындағы кідірістер мен үзілістер үшін жауапты болмайды.

6.4. Абонент оның Абоненттік құрылғысын пайдаланатын үшінші тұлғалардың оның Абоненттік нөмірі арқылы жүргізген немесе оның Абоненттік құрылғысында орнатылған арнайы қолданбалардың көмегімен немесе веб-сайттардағы оның сәйкестендірушілік/аутентификациялық деректері арқылы жүргізілген кез келген әрекеттеріне байланысты барлық тәуекелдерді және жауапкершілікті өзі көтереді.

6.5. Оператор Жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасына жауап бермейді.

6.6. Оператор Абоненттің Нұсқауды толтыру, ұсыну барысында деректерді қате енгізуіне және жіберілген қателерге байланысты іс-әрекеттеріне, сондай-ақ тиісті Электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушыларының және Оператор серіктестерінің әрекеттері үшін жауап бермейді.

6.7. Абоненттің Абоненттік құрылғысының немесе SIM-картасының жоғалған, ұрланған немесе басқа да жолмен Абонент иелігінен шығарылған жағдайларда Абонент Оператордың Абоненттен осы Абоненттік нөмірді/SIM-картаны бұғаттау туралы Өтінішін алғанға дейін осы Абоненттік құрылғыны және/немесе SIM картаны үшінші тұлғалардың пайдалануына байланысты барлық тәуекелдерді өз мойнына алады.

6.8. Оператор тиісті ақпараттық-технологиялық платформада, Электрондық ақша жүйесіндегі операциялардың дұрыс орындалмағаны немесе тиісінше жүргізілмегені үшін, оның ішінде Электрондық ақшаның Электрондық әмиянға дұрыс аударылмауына немесе Электрондық ақшамен жүргізілген қате операцияларға, Абоненттің қате операцияларына, Жеткізушінің міндеттемелерді

орындамауына немесе тиісінше орындамауына жауапты болмайды, оның ішінде мүліктік жауапкершілікке ие болмайды.

## **7. Абоненттің Электрондық әмиянды толтыру және Электрондық ақшамен операция жүргізу туралы Нұсқауларды беру тәртібі**

7.1. Электрондық әмиянды толтыру және Электрондық ақшамен операция жүргізу мақсатында Абонент Электрондық ақша жүйесінің операторына оның Электрондық әмиянды Электрондық ақшамен жүргізілуі жоспарланатын операция сомасына толтыруының негіздімесі және толтыру туралы тапсырмасы және Абоненттің Нұсқауда анықтаған Электрондық ақшамен жүргізілетін операция жүргізу туралы тапсырмасы болып табылатын Нұсқау береді. Тиісті Электрондық ақша жүйесінің операторы Абоненттің операцияларының сомаларының Оператор мен Электрондық ақша жүйесінің Операторы белгілеген лимиттерге сәйкес келуін, сондай-ақ мұндай операциялардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

7.2. Абоненттің Электрондық әмияны Абоненттің Дербес шотындағы ақша қаражатының есебінен Абоненттің Оператордан Электрондық ақша сатып алуы және оның Абоненттің Электрондық әмиянына келіп түсуі арқылы толтырылады. Бұл ретте Абоненттің Электрондық әмиянын толтыру туралы Нұсқау Операторға тиісті Электрондық ақша жүйесі операторының Абонент жүргізетін операция сомаларының Оператор мен Электрондық ақша жүйесінің Операторы белгілеген лимиттерге сәйкес келуін, сондай-ақ мұндай операциялардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес келуін тексергеннен кейін түседі.

7.3. Абонент Нұсқауы келесі деректерді қамтуы тиіс: төлем сомасы, төлем жүргізу нысанындағы жиектерге сәйкес талап етілетін деректемелер (дербес шот нөмірі, Жеткізушінің талаптарына байланысты басқа мәліметтер). Электрондық ақшаны тек Абоненттің Дербес шотындағы негізгі теңгерімнен алуға болады.

7.4. Нұсқауға енгізілген деректердің дұрыстығына Абонент жауапты болады.

7.5. Абоненттің нұсқауы Абоненттік құрылғыдан және/немесе Ресми сайттарда орналасқан нұсқаулықтарға сәйкес келесі тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылады:

7.5.1. 7701, 5505, 525, 4404, 9505, 9909 нөмірлеріне және тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген басқа нөмірлерге Қысқа мәтіндік хабарламалар жолдау арқылы;

7.5.2. QR-кодты сканерлеу;

7.5.3. Ресми сайттардың графикалық интерфейстерінде орналастырылған нұсқаулықты қолдану арқылы.

7.6. Абонент Төлем қауіпсіздігін арттыру және/немесе Абоненттің нұсқаулығын нақтылау үшін Нұсқау жіберген кезде Оператор Абоненттің бір реттік кодты енгізуіне және/немесе Абоненттің қосымша Қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберуіне рұқсат етеді. Оператор серіктестеріне тиесілі Ресми сайттардың графикалық интерфейстерін қолданумен жіберілген Абоненттердің Нұсқауларын қабылдаған кезде Абоненттің бір жолғы кодтарын енгізеді және/немесе Абоненттің қосымша Қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберуі Төлемді/Нұсқауды тексерудің міндетті ресімі болып табылады.

7.7. Оператор Нұсқауды ұсыну тәсілдерін бір жақты тәртіпте өзгерте немесе толықтыра алады.

## **8. Google Play Market-те төлеу**

8.1. Осымен Абонент байланыс қызметтері үшін артық төленген және Оператор қайтаратын ақшаның Оператор серіктестерінің қызметтеріне, оның ішінде «Google Play Market» қызметіне ақы төлеуге бағытталуы мүмкін деп келіседі. «Google Play Market» қосу және пайдалану шарттары [https://play.google.com/intl/ru\\_ru/about/play-terms/](https://play.google.com/intl/ru_ru/about/play-terms/) веб-сайтында орналасқан.

8.2. Абонент Нұсқауларды Операторға «Google Play Market-тегі» нұсқаулықтарға сәйкес, оның ішінде +77014589654 нөміріне SMS жолдау жолымен береді.

8.3. Google Play Market-те төлем жүргізу шектеулері 3.4.7 тармақшасын қоспағанда осы Ереженің 3.4 тармағында көрсетілген.

8.4. Төлемнің ең жоғары ықтимал сомасы төлем жүргізу процесінде көрсетіледі және Оператор оны Оператордың тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесі шеңберінде Абонентті алдын ала хабардар етпестен, біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін

8.6. Оператор Ереженің осы Бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын өзара есеп айырысуларға Банктің, Өнім берушінің және/немесе өзге қатысушының өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

8.5. «Google Play Market-те» жүргізу кезіндегі Банк серіктес «Қазақстанның халық банкі» АҚ, [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) болып табылады.

## **9. Басқа шарттар.**

9.1. Электрондық ақшаны пайдаланумен жүргізілетін операциялар бойынша үзінділер мен анықтамаларды алу үшін, сондай-ақ парольді пайдаланушы қолданбасы арқылы қалпына келтіру болмаған жағдайда парольді түсіру мәселелері бойынша, қаражаттың қате түсуіне және/немесе алынуына байланысты, сондай-ақ Электрондық қағазды шығару, сату және өтеуге қатысты даулы жағдайлар бойынша тиісті Электрондық ақша жүйесі операторының сайтында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша тиісті Электрондық ақша жүйесінің операторына хабарласу қажет.

9.2. Қызмет көрсету (оның ішінде Эмитенттің, аударым операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың комиссиясының мөлшері және Электрондық ақша жүйесі операторының сыйақысы), Электрондық төлем құралдарын пайдалану шарттары, Эмитент, Электрондық ақша жүйесінің операторы және аударым операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар туралы ақпарат Электрондық ақша жүйесі операторының [www.wooppay.com](http://www.wooppay.com), [www.kemrau.kz](http://www.kemrau.kz) веб-сайтында орналастырылған. Абонент Оператордың Ақпараттық жүйесін пайдаланбас және Мобильді қаржылық қызметтерді алмас бұрын осы ақпаратпен танысуы тиіс.

9.3. Мобильді қаржылық қызметтер серіктес ретінде басқа Жеткізушілер мен Эмитенттерді тарту немесе басқа өзгерістер енгізу арқылы кеңейтілуі немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл туралы ақпарат [www.kcell.kz](http://www.kcell.kz) және [www.activ.kz](http://www.activ.kz) сайттарының тиісті бөлігінде немесе сәйкес Электрондық ақша жүйесі Операторының сайтында орналастырылады.

9.4. Осы Ережеге қосыла отырып, Абонент осы Ереженің барлық шарттарымен, сондай-ақ Оператордан Мобильді қаржылық қызметтер туралы SMS-хабарламалар мен тіркеу барысында мекенжайы көрсетілген электрондық поштасына хабарламаларды алуға келіседі.

9.5. Мобильді қаржылық қызметтер мәселесі бойынша Абоненттерге анықтама келесі нөмірлер бойынша колл-орталыққа қоңырау шалу арқылы беріледі: 3030 — activ ұялы нөмірінен, 9090 – Kcell ұялы нөмірінен немесе + 7 (727) 258 83 00 — қалалық телефоннан тегін.

9.6. Оператор тиісті Электрондық ақша жүйесі немесе Оператордың ақпараттық-технологиялық платформалары жұмысының уақытша тоқтауына, істен шығуына немесе жұмысының тоқтауына байланысты Абоненттің қандай да бір шығындарына немесе шығыстарына жауап бермейді.

9.7. Осы Ереже және оның барлық қосымшалары жария офферта болып табылады және Оператор Сайтында жарияланады.

9.8. Осы Ереже Жария шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Тараптардың осы Ережемен реттелмеген барлық қарым-қатынастары Жария шарт талаптарымен реттеледі.

## **10. Ереженің әрекет ету мерзімі.**

10.1. Осы Ережел мерзімі шектеусіз және Жария шарттың тұтастай әрекет ету мерзімі ішінде қолданылады.

10.2. Осы Ереженің қолданылуы Оператордың оның әрекетін тоқтатқан (күшін жойған) немесе Жария шарттың әрекет етуінің тоқтауына байланысты тоқтатылады.